

Шешім

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Астана қаласы, Нұра ауданы, Сығанақ көшесі, 17/12-үй, БСН 970240000816, ЖСК KZ356010131000049659 (теңге) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы, БСК HSBKKZKX, Кбе 16, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2023 жылғы 25 мамырда қорытындысы жарияланған акционерлердің жылдық жалпы жиналысында қабылданған шешімге сәйкес, Қоғамның 2022 есепті қаржы жылы үшін 348 047 927 000 (үш жүз қырық сегіз миллиард қырық жеті миллион тоғыз жүз жиырма жеті мың) теңге мөлшерінде шоғырландырылған таза табысын бөлу тәртібі бекітілгенін хабарлайды:

- 200 970 248 407,04 (екі жүз миллиард тоғыз жүз жетпіс миллион екі жүз қырық сегіз мың төрт жүз жеті) теңге 4 тиын, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 қаулысымен бекітілген Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған Кешенді жоспары шеңберінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ активтерін сатудан түсетін түсімдер және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысымен бекітілген 2021-2025 жылдарға арналған жекешелендіру жоспарына 364 051 500 (үш жүз алпыс төрт миллион елу бір мың бес жүз) теңге мөлшерінде, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлеріне олардың иелігіндегі акциялар санына барабар дивидендтер төлеуге бағытталсын;

- 147 077 678 592,96 (жүз қырық жеті миллиард жетпіс жеті миллион алты жүз жетпіс сегіз мың бес жүз тоқсан екі) теңге 96 тиын сомасындағы шоғырландырылған таза табыстың қалған бөлігі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қарамағында қалдырылсын.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері 774,88 теңге (жеті жүз жетпіс төрт) теңге 88 тиын құрады;

2022 жылдың қорытындысы бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеудің басталу күні – 2023 жылғы «17» шілде;

2023 жылғы «14» шілдедегі жағдай бойынша 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;

2022 жылдың қорытындысы бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу дивидендтер төлеу басталған күннен бастап бір ай ішінде бір рет бір төлеммен жүргізіледі;

2022 жылдың қорытындысы бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу ақшамен, қолма-қол ақшасыз төлемдер арқылы акционерлердің банктік шоттарына қаражат аудару арқылы жүргізіледі.

Төлем

2023 жылғы 14 шілдедегі жергілікті уақыт бойынша 00 сағат 00 минутта (GMT+6) тіркелген «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлеріне 2022 жылдың дивидендтерін төлеу 2023 жылғы 17 шілдеде бастап, 2023 жылғы 19 шілдеде аяқталды. Дивидендтік төлемдердің жалпы сомасы 200 970 248 407,04 (екі жүз миллиард тоғыз жүз жетпіс миллион екі жүз қырық сегіз мың төрт жүз жеті) теңге 4 тиын мөлшерін құрады.